

## 2023-2025 жылдарға арналған аудандық бюджетті бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 2022 жылғы 26 желтоқсандағы № 31/2 шешімі.

**Ескерту. 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімнің 11-тармағымен.**

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 75-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағы 1) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. 2023-2025 жылдарға арналған аудандық бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2023 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 4091344,7 мың теңге;  
салықтық түсімдер – 959286,3 мың теңге;  
салықтық емес түсімдер – 57109,2 мың теңге;  
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 5919,8 мың теңге;  
трансферттер түсімі – 3069029,4 мың теңге;
- 2) шығындар – 4143261,5 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 7252 мың теңге:  
бюджеттік кредиттер – 25928 мың теңге;  
бюджеттік кредиттерді өтеу – 18676 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге;  
қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;  
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 59168,8 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 59168,8 мың теңге;  
қарыздар түсімі – 25875 мың теңге;  
қарыздарды өтеу – 18676 мың теңге;  
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 51969,8 мың теңге.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 21.04.2023 № 3/2 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 23.08.2023 № 8/4 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.10.2023 № 11/2 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.11.2023 № 12/2 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

2. 2023 жылға арналған аудандық бюджеттің кірістері Қазақстан Республикасы Бюджет кодексіне сәйкес мына салықтық түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

1) мемлекеттік кірістер органында тіркеу есебіне қою кезінде мәлімделген аудандық маңызы бар қала, ауыл аумағында орналасқан жеке тұлғалар дербес салық салуға жататын табыстар бойынша жеке табыс салығын қоспағанда, облыстық мәслихат белгілеген, кірістерді бөлу нормативтері бойынша жеке табыс салығы:

жеке кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіпқой медиатор үшін – тұрған жері;

тұрғылықты жері – қалған жеке тұлғалар үшін;

1-1) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеген жеке тұлғалардан облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша алынатын жеке табыс салығы;

1-2) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітетін тізбе бойынша ірі кәсіпкерлік субъектілерінен түсетін түсімдерді және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, келіп түскен салықтық аударымдардың кемінде елу пайызы мөлшерінде облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша корпоративтік табыс салығы;

2) облыстық мәслихат белгілеген, кірістерді бөлу нормативтері бойынша әлеуметтік салық;

3) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, ауылдық округтің аумағындағы осы салықты салу объектілері бойынша жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салықты қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық;

4) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың аумағындағы жер учаскелеріне жеке және заңды тұлғалардан алынатын, елді мекендер жерлеріне салынатын жер салығын қоспағанда, жер салығы;

5) акциздер:

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген спирттің барлық түрлеріне;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген алкоголь өніміне;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген құрамындағы этил спиртінің көлемі 0,5 пайыздан аспайтын сыраға;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген темекі бұйымдарына;

Қазақстан Республикасының аумағында жасалған жеңіл автомобильдерге ( мүгедектер үшін арнайы арналған қолмен басқарылатын немесе қолмен басқаруға бейімделген автомобильдерден басқа);

бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынына;

6) аудандық маңызы бар қала, ауыл аумағындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;

7) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым (жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға арналған лицензияларды бергені үшін алым);

7-1) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы;

8) коммерциялық ұйымдарды қоспағанда, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік (есептік) тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

9) көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

10) сыртқы (көрнекі) жарнаманы облыстық маңызы бар қаладағы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, облыстық маңызы бар қаланың аумағы арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастырғаны үшін төлемақы;

11) республикалық бюджет есебіне жазылатын консулдық алымнан және мемлекеттік баждардан басқа, мемлекеттік баж;

11-1) бірыңғай жер салығы облыстық маңызы бар қала бюджетіне түсетін салықтық түсім болып табылады.

3. Аудандық бюджеттің кірістері мына салықтық емес түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

1) коммуналдық меншіктен түсетін кірістер:

аудан әкімдігінің шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;

ауданның коммуналдық меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер;

ауданның коммуналдық меншігіндегі заңды тұлғаларға қатысу үлестеріне кірістер;

аудандық маңызы бар қала, ауылдық округ әкімдерінің басқаруындағы, ауданның коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістерді қоспағанда, ауданның коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

аудандық бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;

ауданның коммуналдық меншігінен түсетін басқа да кірістер;

2) аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер;

3) аудандық бюджеттен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері;

4) аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдық округтердің әкімдері салатын айыппұлдарды қоспағанда, аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар;

5) аудандық бюджетке түсетін басқа да салықтық емес түсімдер.

4. Аудандық бюджеттің кірістері мына негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

аудандық бюджеттен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелерге бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақша;

ауыл шаруашылығы мақсатындағы немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл аумағындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдерді қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

аудандық маңызы бар қала, ауыл аумағындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін жалға беру құқығын сатқаны үшін төлемақы;

5. Аудандық бюджеттің түсімдері:

аудандық бюджеттен берілген кредиттерді өтеуден, ауданның коммуналдық меншігіндегі мемлекеттің қаржы активтерін сатудан, ауданның жергілікті атқарушы органының қарыздарын өтеуден түсетін түсімдер аудандық бюджеттің есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін.

6. 2023 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының бюджетінен аудандық маңызы бар қала, ауылдық округ бюджеттеріне берілетін бюджеттік субвенциялардың көлемі 297425 мың теңге сомасында бекітілсін, соның ішінде:

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлютка қаласы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – 58476 мың теңге;

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Андреев ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне – 7111 мың теңге;

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Белое ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – 3950 мың теңге;

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Воскресенов ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – 14200 мың теңге;

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Дубровное ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – 12417 мың теңге;

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Қызыләскер ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – 155772 мың теңге;

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Краснознамен ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне – 13088 мың теңге;

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Леденев ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – 2910 мың теңге;

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Бике ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – 4043 мың теңге;

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Пригород ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – 13828 мың теңге;

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Становое ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – 2964 мың теңге;

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Новомихайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – 8666 мың теңге.

6-1. 2023 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының бюджетінде аудандық бюджеттен бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің көлемі көзделсін:

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлютка қаласы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне 34098 мың теңге сомасында;

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Андреев ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне – 43803 мың теңге;

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Белое ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – 27592 мың теңге;

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Воскресенов ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – 35538 мың теңге;

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Дубровное ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – 26736 мың теңге;

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Қызыләскер ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – 56946 мың теңге;

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Краснознамен ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне – 25147 мың теңге;

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Леденев ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – 26301 мың теңге;

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Бике ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – 38891 мың теңге;

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Пригород ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – 32286 мың теңге;

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Становое ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – 50406 мың теңге;

"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Новомихайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне – 46651 мың теңге.

7. 2023 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер мынадай мөлшерде ескерілсін:

1) 94483 мың теңге – Мамлют ауданының аудандық маңызы бар КТММ-221 "Белое-Щучье" км 0-9,85 автомобиль жолын орташа жөндеуге;

2) 340500 мың теңге - аудандық маңызы бар КТММ-23 "Қызыләскер-Раздольное" автомобиль жолын орташа жөндеуге, 0-17 километр;

3) алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 18.10.2023 № 11/2 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

4) 7058 мың теңге – Мамлют ауданы Андреевка ауылының мәдениет үйі ғимаратын күрделі жөндеуге;

5) алып тасталды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 18.10.2023 № 11/2 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

6) 5865 мың теңге - Мамлют ауданы Минкесер ауылының мәдениет үйі ғимаратын күрделі жөндеуге;

7) 9814,5 мың теңге - Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар тұлғалардың құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға, соның ішінде:

гигиеналық құралдар – 3503 мың теңге,

протездік-ортопедиялық құралдар – 3430,8 мың теңге,

сурдотехникалық құралдар – 184,7 мың теңге,

тифлотехникалық құралдар – 883,4 мың теңге;

арнаулы жүріп-тұру құралдары (кресло – арбалар) – 1812,6 мың теңге;

8) 46032,8 мың теңге - жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесуге, соның ішінде:

экономикалық оңтайлылық сертификаттары – 21351,5 мың теңге,

көшуге субсидия беру – 23667 мың теңге,

тұрғын үйді жалдауға (жалға) беру және коммуналдық шығындарды өтеу – 1014,3 мың теңге;

9) 50002 мың теңге - 1:500 ауқымдағы кадастрлық жоспар құра отырып, елді мекендердің салынған аумағында жер асты және жер үсті коммуникацияларын түгендеуге.

10) 18467 мың теңге - дамытуға нысаналы трансферттер - Леденев ауылдық округі, Леденево ауылындағы сукернеуіш құрылыстарын салуға;

11) 13770 мың теңге - дамытуға нысаналы трансферттер - Солтүстік Қазақстан облысы, Мамлют ауданы, Дубровное ауылдық округі, Дубровное ауылы мекенжайында орналасқан, Дубровное ауылындағы сумен жабдықтау жүйесін салуға;

12) 21710 мың теңге - дамытуға нысаналы трансферттер - Бике ауылындағы сумен жабдықтау тарату желілерін салуға;

13) 21001 мың теңге - дамытуға нысаналы трансферттер - Қызыләскер ауылындағы сумен жабдықтау тарату желілерін салуға;

14) 43711 мың теңге - дамытуға нысаналы трансферттер - Покровка ауылындағы су құбыры және сумен жабдықтау тарату желілерін салуға (сметалық құжаттаманы түзету);

15) 23000 мың теңге – Мамлютка қаласында футбол алаңына стадионның негізін дайындау жөніндегі жұмыстарға;

16) 150000 мың теңге - Мамлютка қаласында жолдарды орташа жөндеуге;

17) 10304 мың теңге - өрт тіркеме модулін сатып алуға;

18) 10000 мың теңге – Мамлютка қаласында көше жарығын ағымдағы жөндеуге;

19) 1630 мың теңге - Белое ауылдық округінің Чистое ауылындағы Мамыр көшесі бойынша көше жарығын ағымдағы жөндеуге;

20) 6750 мың теңге - Белое ауылдық округінің Белое ауылындағы Мектеп, Интернациональная, Ақ көше, Тихая, Астық көшелері бойынша көше жарығын ағымдағы жөндеуге;

21) 30240 мың теңге - дамытуға нысаналы трансферттер - Мамлютка қаласында сумен жабдықтау желілерінің құрылысына жобалық-сметалық құжаттама әзірлеу (1-3 кезек);

22) 14900 мың теңге – коммуналдық меншіктегі жылу желілерін пайдалануды ұйымдастыруға.

**Ескерту. 7-тармаққа өзгерістер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 21.04.2023 № 3/2 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 23.08.2023 № 8/4 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.11.2023 № 12/2 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

7-1. Республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер:

1) 144000 мың теңге - халықтың әлеуметтік осал топтарына коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін сатып алуға.

**Ескерту. Шешім 7-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 21.04.2023 № 3/2 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

7-2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер:

1) 127200 мың теңге - дамытуға нысаналы трансферттер - Леденев ауылдық округі, Леденево ауылындағы сукернеуіш құрылыстарын салуға;

2) 137696 мың теңге - дамытуға нысаналы трансферттер - Солтүстік Қазақстан облысы, Мамлют ауданы, Дубровное ауылдық округі, Дубровное ауылы мекенжайында орналасқан, Дубровное ауылындағы сумен жабдықтау жүйесін салуға;

3) 195387 мың теңге - дамытуға нысаналы трансферттер - Бике ауылындағы сумен жабдықтау тарату желілерін салуға;

4) 179367 мың теңге - дамытуға нысаналы трансферттер - Қызыләскер ауылындағы сумен жабдықтау тарату желілерін салуға;

5) 39644 мың теңге - дамытуға нысаналы трансферттер - Покровка ауылындағы су құбыры және сумен жабдықтау тарату желілерін салуға (сметалық құжаттаманы түзету).

**Ескерту. Шешім 7-2-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 21.04.2023 № 3/2 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 15.11.2023 № 12/2 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

8. 2023 жылға арналған аудандық бюджетте 25875 мың теңге сомада республикалық бюджеттен мамандарға әлеуметтік көмек көрсету шараларын іске асыруға бюджеттік кредиттер ескерілсін.

9. 2023 жылға арналған мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек түрлері бойынша шығындар 29245,5 мың теңге сомасында 4-қосымшаға сәйкес ескерілсін.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 15.11.2023 № 12/2 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

10-1. 2023 жылғы 1 қаңтарға қалыптасқан, бюджет қаражатының бос қалдықтары 5-қосымшаға сәйкес бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстарға 51969,8 мың теңге сомасында бағытталсын.

Ескерту. Шешім 10-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 21.04.2023 № 3/2 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

10-2. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандарға, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істейтін аталған мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын мамандардың мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелері ескерілсін.

Ескерту. Шешім 10-2-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 21.04.2023 № 3/2 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

11. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы  
мәслихатының хатшысы

Р.Нұрмұқанова

Солтүстік Қазақстан облысы  
Мамлют ауданы мәслихатының  
2022 жылғы 26 желтоқсандағы  
№ 31/2 шешіміне  
1-қосымша

## 2023 жылға арналған Мамлют аудандық бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы мәслихатының 21.04.2023 № 3/2 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен; 13.06.2023 № 6/17 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 23.08.2023 № 8/4 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.10.2023 № 11/2 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.11.2023 № 12/2 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

Санаты		
--------	--	--



	Сыныбы		Атауы	Сомасы, мың теңге
		Кіші сыныбы		
1	2	3	4	5
			1) Кірістер	4091344,7
1			Салықтық түсімдер	959286,3
	01		Табыс салығы	177884,7
		1	Корпоративтік табыс салығы	167926,3
		2	Жеке табыс салығы	9958,4
	03		Әлеуметтік салық	459817
		1	Әлеуметтік салық	459817
	04		Меншікке салынатын салықтар	237440,1
		1	Мүлікке салынатын салықтар	233491,5
		3	Жер салығы	891,5
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	3057,1
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	71410,5
		2	Акциздер	3596
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	55802,3
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	12012,2
			Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған	

	08		уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	12734
		1	Мемлекеттік баж	12734
2			Салықтық емес түсімдер	57109,2
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	4251,2
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	3516,5
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	14,7
		9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	720
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	526,9

		1	Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	526,9
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	52331,1
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	52331,1
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	5919,8
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	4057,4
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	4057,4
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	1862,4

		1		Жерді сату	1862,4	
		2		Материалдық емес активтерді сату	0	
4				Трансферттердің түсімдері	3069029,4	
	01			Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	106669,1	
		3		Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтардың бюджеттерінен трансферттер	106669,1	
	02			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2962360,3	
		2		Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	2962360,3	
Функционалдық топ					Атауы	Сомасы, мың теңге
Кіші функция		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
		Бағдарлама				
1	2	3	4	5	6	
				2) Шығыстар	4143261,5	
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	1002805,8	
	01			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	515021,1	

		112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	43368,4
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	43036,6
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	331,8
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	471652,7
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	206873,7
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	6136
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	258643
02				Қаржылық қызмет	1777,3
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1777,3
			003	Салық салу мақсатында мүлікті	1543,2

				бағалауды жүргізу	
			010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	234,1
	09			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	486007,4
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	89975,7
			001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттың қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	88474,4
			015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1501,3
				Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын	

		495		үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	396031,7
			001	Жергілікті деңгейде сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	147458,2
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3816
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	244757,5
02				Қорғаныс	31227,5
	01			Әскери мұқтаждар	10931,5
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	10931,5
			005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	10931,5
	02			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	20296
				Аудан (облыстық	

		122		маңызы бар қала ) әкімінің аппараты	20296
			006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аұқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	8637,3
			007	Аудандық (қалалық) аұқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	11658,7
03				Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	0
	09			Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер	0
		495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	0
			019	Елді мекендерде жол қозғалысы	0



				қауіпсіздігін қамтамасыз ету	
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	430924,2
	01			Әлеуметтік қамсыздандыру	16718,6
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	16718,6
			005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	16218,6
			026	Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялау	0
			057	Атаулы мемлекеттік әлеуметтік көмек алушылар болып табылатын жеке тұлғаларды телевизиялық абоненттік жалғамалармен қамтамасыз ету	500
	02			Әлеуметтік көмек	312088,1
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	312088,1

		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	60117,9
		004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	3795
		006	Тұрғын үйге көмек көрсету	100
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	29245,5
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	559
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	130283
			Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді протездік-ортопедиялық көмек, сурдотехникалық құралдар,	

			017	тифлотехникалық құралдар, санаторий-курорттық емделу, міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, арнаулы жүріп-тұру құралдары, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтері мен қамтамасыз ету	49675,6
			023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	38312,1
	09			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	102117,5
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	102117,5
			001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы	55283,7

				мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
			011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	300
			021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	501
			061	Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аударуына жәрдемдесу	46032,8
			062	Біліктілік жүйесін дамыту	0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1112388,4
	01			Тұрғын үй шаруашылығы	156600
		495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	156600
			008	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	9000
			011	Азаматтардың жекелеген санаттарын	3600

				тұрғын үймен қамтамасыз ету	
			098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	144000
	02			Коммуналдық шаруашылық	955788,4
		495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	955788,4
			013	Коммуналдық шаруашылықты дамыту	1
			015	Шағын қалаларды үздіксіз жылумен жабдықтауды қамтамасыз ету	26050
			016	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	22978,4
			058	Ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	906759
08				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	380638,7
	01			Мәдениет саласындағы қызмет	64167
				Ауданның (облыстық	

		819		маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі	62666
			009	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	62666
		495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1501
			036	Мәдениет объектілерін дамыту	1501
	02			Спорт	10330,8
		819		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі	10329,8
			014	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	1939
			015	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың	8390,8

				облыстық спорт жарыстарына қатысуы	
		495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1
			021	Спорт объектілерін дамыту	1
	03			Ақпараттық кеңістік	96488,9
		819		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі	96488,9
			005	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	12534,9
			007	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	83126
			008	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	828
	09			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де Қызметтер	209652

		819		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі	209652
			001	Ақпаратты, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	42475
			004	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	12318,3
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	34558,7
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	120300
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	123153,9



	01			А у ы л шаруашылығы	77754,3
		474		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	77754,3
			001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	58508,7
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5877,6
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	13368
	06			Ж е р қатынастары	31130,5
		463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	31130,5
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	30101,7
			007	Мемлекеттік органның	1028,8

				күрделі шығыстары	
	09			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	14269,1
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	12019
			099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	12019
		495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2250,1
			056	Үй жануарларына арналған баспаналар, уақытша ұстау пункттерін салу	2250,1
12				Көлік және коммуникация	460301,7
	01			Автомобиль көлігі	459101,7
				Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын	

		495		үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	459101,7
			023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	18000
			034	Көлік инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыру	434983
			045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	6118,7
	09			Көлік және коммуникациялар саласындағы өзге де қызметтер	1200
		495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1200
			039	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	1200
13				Басқалар	49554,2

	03			Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	20837,5
		469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	20837,5
			001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	20808,8
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	28,7
	09			Басқалар	28716,7
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	5716,7
			012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	5716,7
		819		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі	23000
				Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы	

			040	шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	23000
14				Борышқа қызмет көрсету	14,7
	01			Борышқа қызмет көрсету	14,7
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	14,7
			021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	14,7
15				Трансферттер	552252,4
	01			Трансферттер	552252,4
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	552252,4
			006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	2574,5
				Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын	

			024	өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	219898,3
			038	Субвенциялар	297425
			054	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	32354,6
				3) Таза бюджеттік кредиттеу	7252
				Бюджеттік кредиттер	25928
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	25928
	09			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	25928

		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	25928
			018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	25928
Санаты					
	Сыныбы			Атауы	Сома, мың теңге
		Кіші сыныбы			
5				Бюджеттік кредиттерді өтеу	18676
	01			Бюджеттік кредиттерді өтеу	18676
		1		Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	18676
				4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
				Қаржы активтерін сатып алу	0
				Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
Санаты					
	Сыныбы			Атауы	Сомасы, мың теңге
		Кіші сыныбы			
1	2	3	4	5	
				5) Бюджет тапшылығы (профициті)	(-59168,8
				6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	59168,8

7				Қарыздар түсімдері	25875
	01			Мемлекеттік ішкі қарыздар	25875
		2		Қарыз алу келісім-шарттары	25875
Функционалдық топ				Атауы	Сомасы, мың теңге
	Кіші функция				
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
			Бағдарлама		
1	2	3	4	5	6
16				Қарыздарды өтеу	18676
	01			Қарыздарды өтеу	18676
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	18676
			005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	18676
Санаты				Атауы	Сомасы, мың теңге
	Сыныбы				
		Кіші сыныбы			
8				Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	51969,8
	01			Бюджет қаражаты қалдықтары	51969,8
		1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	51969,8

Солтүстік Қазақстан облысы  
Мамлют ауданы мәслихатының  
2022 жылғы 26 желтоқсандағы  
№ 31/2 шешіміне  
2-қосымша



## 2024 жылға арналған Мамлют аудандық бюджеті

